

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» КММ*

# *Сәуір айында атқарылған жұмыстың есебі*

*Орынданған әлеуметтік педагог:  
Ж.Қ.Лесбаева*

*Атбұлақ 2024 жыл*

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппароватындағы № 5 мамандандырылған физика – математикалық мектеп - интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оку жылындағы сәуір айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

1. Қыз балалардың мұғаліммен қарым –қатынас жағдайы «Сенімді дос, сырлас сыныптастар» әнгімелесу
2. -7 сынып окушыларының әлеуметтік қызығушылығын анықтауға әлеуметтік диагностика жұмыстарын жүргізу
3. -Сыныптың әлеуметтік қозғалысы жайлы есеп алыш отыру
4. «Ауылға кітап»-бітіріп кеткен тұлектер тарапынан ұйымдастырылған акция аясында жұмыс жасау

**Қыз балалардың мұғаліммен қарым –қатынас жағдайы «Сенімді дос, сырлас сыныптастар» әнгімелесу**

Мұғалім окушы алдында өзін-өзі ұстауға, ашуын окушыдан алмауға, сөйлеу мәнері мен ұғымдарды түсінікті етіп жеткізуге, окушы құқығына қол сұқпауға міндettі. Мұғалім неғұрлым окушы алдында өзінің беделін көрсете білсе, ол жайында окушы санасында жақсы пікір қалыптасады. Аталмыш қасиеттерді өзінің кәсіби өмірінде қолдана білген мұғалімнің өз шәкірттерінің биік шындардан көрініп, еліміздің беделді азаматтары болуына зор ықпалы тиері анық. Мектеп психологы А.Ниязбековамен бірлесе отырып окушылармен іштей сырын бөлісті, оларды сырттай бақылай отырып, олардың қызығушылықтарын зерттей отырып, анықтайтын мамандар болғандықтан да, мұғалімдердің бұл мамандармен кеңесуі олардың жұмыстарын едәуір жеңілдетеді.

Окушылармен, ата - аналармен, мұғалімдермен ынтымақтаса жұмыс жасаудамыз. Мұғалім алдына қойған мақсаттарын ойдағыдай іске асырып, өзінің кәсіби жұмысының жемісіне жете біледі. Окушылармен ынтымақтаса жұмыс жасау барысында, мұғалім мұнымен қатар бала тәрбиесінде орны бар мүшелермен де бірлесе жұмыс жасауы тиіс. Біріншіден баласының болашағы үшін отқа да, сугада түсер ата-аналарымен бірлесе отырып, жұмыс жасау. Эрбір ата-ана өз баласы үшін қымбат адам. Баласының басты тәрбиешісі болғандықтан да ата-ана баласының міnez-құлқын, оның қабілеттерін, қызығушылықтарын білуге міндettі. Сондықтан да тәрбие үрдісінде мұғалім окушы ата-анасымен серіктес болуы тиіс. Мұғалім мен ата-ана арасындағы бірлесіп жұмыс жасау жеке тұлғанын дамуындағы ең маңызды қадам болып табылады. Жазушы С.Л.Соловейчик баланың тәрбиесінде ересектердің үлгі болуы, мұғалімдер және ата-аналар ынтымақтасуы маңызды рөл атқарады деген пікірде.

Екіншіден, өзіне қатысты сыныпта оқу-тәбие жұмысын пен мұғалімдері, ата-ана, басқа да тәрбие үрдісінде ықпалы бар тұлғалармен біріге жұмыс

жасай отырып, сынып үйымдастыратын сынып жетекшісімен бірлесе жұмыс жасау. Қазақ халқының тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин «Мен үшін - мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», деген мектеп беделін көтеріп, шәкірттерін болашағымыздың азаматы етіп тәрбиелейтін, өмір жолында өз бағытын тандауға жол көрсететін - мұғалім. Сондықтан да бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби шеберлігінің мәні зор.




### **«Мектеп кітапханасына кітап сыйла» акциясы**

Біздің кітапхана «Мектеп кітапханасына кітап сыйла» акциясын көптеген жылдар бойы өткізіп келеді. Жыл сайын акцияның арқасында кітапхана қоры әр түрлі тақырыптағы 60-100 кітапқа, кітапхана кітаптарын сатып алуға мүмкіндігі жоқ заманауи авторлардың көркем әдебиетімен толықтырылады. Қазіргі қоғам өмірінде кітап окуды нығайту, оқитын қоғам мүшесін тәрбиелеу әлеуметтік қажеттілік болып отыр. Біздің басты мақсатымыз – білімді үрпақ тәрбиелеу. Рухани жан дүниенде сергітер осы бір құнды құралдың бірі – кітапты сыйлаудан асқан тамаша сыйлық болар ма?

Кітапхана менгерушісі А.Абдуллаева апайымызбен үйымдастыра отырып, математика пәні мұғалімі С.Ағмановтың және 2017 жылғы мектеп түлектеріміз «Мектепке кітап сыйла!» атты қайырымдылық акциясына өз үлестерін қоса отырып, мектебімізге кітаптарды сыйлыққа тарту етті. Кітапхана менгерушісі А.Абдуллаева апайымыз – үрпаққа қалдырар ең үлкен мұра – кітап екендігін, өткеннің рухы, келешектің кілті, мәдениеттің биік шыңы да осы кітапта жатқандығын айтып, жастарды ап окуға, сол арқылы білімдерін жетілдіруге шакырды.



Барша қатысушыларға акцияға атсалысып, мектебіміздің кітапханасының қорына сыйға тартқан кітаптарыңыз үшін шексіз алғысымызды білдіреміз. Сіз сыйлаған әрбір кітап өз оқырманын табатынына сенімдіміз!

Мектеп директоры:  Ж.Ахмедов

Орындаған: Элеуметтік педагог Ж.Лесбаева

